

Құрметті Ромин Ризаұлы!

Құрметті Депутаттар!

Үкіметпен "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы әзірленіп, Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отыр.

Үкімет Заң жобасын әзірлеуде, Ел басының 2011 жылғы 17 сәуірдегі ауылшаруашылық жерлерінің берілу мақсатына сәйкес қолданылуына есеп жүргізу жөніндегі және 2012 жылғы 27 қаңтардағы жеке тұрғын үй салу үшін арналған жер учаскелерін беру механизмдерін жетілдіру мәселесі жөніндегі тапсырамаларын орындауды басшылыққа алды.

Заң жобасы қолданыстағы Жер кодексіне тиісті өзгерістер енгізуді қамтиды.

Атап айтқанда:

- шаруа немесе фермер шаруашылығын, тауарлық ауылшаруашылық өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскелерінің дұрыс пайдаланбайтын теріс пиғылды жер пайдаланушылармен жер учаскелері меншік иелерімен орталықтандырған деректер қоры жүргізілді.

Көрсетілген шара бұдан әрі жер заңдылығын бұзған тұлғаларға жер учаскелері 3 жылға дейін жалға берілмеуін көздейді.

Мұндай деректер қорын жүргізу мемлекеттік сатып алуға қатысушыларының теріс пиғылды деректер қорына ұқсас жүргуі көзделіп отыр;

- тұрғын-үй немесе басқа құрылыс үшін берілген жер учаскелерін тиісті мақсаттарда қолдануын қамтамасыз етпеген жағдайда ескерту институттын алып тастау көзделіп отыр.

Егерде екі жыл көлемінде жерді игермеу фактісі анықталған жағдайда пайдаланылмаған жерлер сот тәртібімен мемлекетке қайтарылуы мүмкін.

Бұл норма игерілмеген жерлерді алып қою тәртібін айтарлықтай жеңілдетеді және жерлерді тиімді және ұтымды пайдалану үшін басқа тұлғаларға беруге мүмкіндік береді;

- сот тәртібінен тыс жер телімдерін мәжбүрлі түрде жалға беру шартын жалға берушімен бұзу мүмкіндігі ұсынылып отыр.

Бұл норма, ауылшаруашылық жерлерін алып қою механизмдерінің ең маңыздысы болып табылады және Жер кодексімен белгіленген міндеттемелерді орындамаған жағдайда жалға беру шартын біржақты бұзуға мүмкіндік береді.

Айта кететіндігі, азаматтық заңнама шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны үшін оны біржақты бұзуға мүмкіндік береді;

- жер учаскелерін шаруа немесе фермерлік қожалықтарын жүргізу үшін кезеңімен берілуі ұсынылады.

Аталған тәсіл жерді пайдаланудың бастапқы кезінде жерді тиімді және оңтайлы пайдалану талаптарын орындауды қалайтын және орындай алатын ниетті және білікті ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді анықтауға және келесіде оларға жерлерді ұзақ мерзімді жалға беруге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, бұл енгізілімнің тек қана жаңадан берілетін жерлерге таралуы ұсынылады;

- ауыл шаруашылық жерлерді тиімді пайдалануды сақтамау Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1297 қаулысымен Ауыл шаруашылық жерлерді тиімді пайдалану Ережелері бекітілді, оның ішінде бұл санаттағы жерлердің тиімді пайдалануының өлшемдері анықталды, ол өлшемдердің біреуі жер құнарлығының және топырақтардың мелиоративтік жай-күйінің төмендеуі болып табылады.

Осылайша, тиісті талаптар заңға тәуелді деңгейден заңнамалық деңгейге көтеріледі.

- облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында тұрғын үй құрылысына берілетін жер учаскелерін ақысыз бөлу бойынша шектеу қарастырылады.

Қазақстан Республикасында жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін берілуі әсіресе үлкен қалаларда өзекті және проблемдық сұрақтар болып табылады.

Ұсынылған түзетулер ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлығын сақтауға бағытталып аталған салада нақты жұмыстарды үйлестіреді және жер ресурстарын ұтымды пайдалануда мемлекеттік саясатты тиімді жүргізуді қамтамасыз етеді.

Құрметті Депутаттар, көрсетілген түзетулердің маңыздылығын және қолданыстағы жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру қажеттігін есекере отырып аталған заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!